

PLITONIT

КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



PLITONIT K – сыртқы және ішкі жұмыстарға арналған құрғақ бітеуіш цемент қоспасы



Өнім ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде бетоннан және цемент пен цемент әк негізіндегі сылақтардан жасалған қабырғалар мен төбелерді тегістеуге арналған. Қабаттың максималды қалыңдығы 5 мм болатын цементтік фиништік бітеуіш.

Қаптама - 20 кг.

- ақ түс
- жоғары сызатқа беріктік
- ылғалға және аязға төзімді
- материал аз шығындалады
- Қасбеттік бітеуіш

Материалды тұтыну шығысы

Қалыңдығы 1 мм қабатқа 1,1-1,2 кг/м².

Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмысты орындау кезінде және келесі 3 тәулікте ауа мен негіздің температурасы +5 °С-тан + 30 °С-қа дейін болуы керек. Жұмыс кезінде ерітінді қоспасының температурасы +10 °С-тан + 30 °С-қа дейін болуы керек. Сыртқы жұмыстарды орындау кезінде беті атмосфералық жауын-шашыннан және тікелей күн сәулесінен қорғалуы керек.

Негізді дайындау

Бітеуіш негізі кірден, шаңнан, өсімдік майларынан, майлардан, бояулардың барлық түрлерінен таза болуы керек және қабыршақтану элементтері болмауы керек. Негізде шұңқырлар мен биіктік айырмашылықтары 5 мм-ден асатын немесе саңылаулар болса, алдымен қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ПЛИТОНИТ Т1+ сылақ құрамының көмегімен бетті алдын ала тегістеу қажет. Төбелерді, су сіңіргіштігі жоғары беттерді бітеу кезінде және сыртқы жұмыстар кезінде негізді ПЛИТОНИТ Грунт 1 астарымен өңдеу керек. Кейінгі жұмыстар астар толығымен кепкеннен кейін жүзеге асырылады.

Ерітінді қоспасын дайындау

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдаланыңыз. Араластырудағы ара қатынас: 1 кг құрғақ бітеу қоспасына 0,34-0,38 л су қажет (20 кг-ға 6,8-7,6 л). Құрғақ қоспаны алдын ала өлшенген су мөлшеріне құйыңыз, электр араластырғышты немесе саптамасы бар электр бұрғыны пайдаланып (айналу жылдамдығы 600 айн/мин дейін болу керек) 2-3 минут бойы кесексіз, біртекті консистенцияға дейін араластырыңыз. Ерітінді қоспасын 10 минутқа қалдырыңыз және қайтадан араластырыңыз.

Қайта араластырған кезде жоғарыда көрсетілген қатынастың максималды мәніне дейін суды қосуға рұқсат етіледі. Дайын ерітінді қоспасын пайдалану уақыты 4 сағаттан аспайды (азынақ жел мен жоғары температура бұл уақытты азайтады).

Жұмыс тәртібі

Дайын ерітінді қоспасы болат сызғышпен немесе шпатель көмегімен қолмен жағылады. Бітеуіш қабаттарын бір-біріне перпендикуляр жағыңыз. Бітеуішті бірнеше қабатпен жаққан кезде, алдыңғы қабаттың толығымен кепкеніне көз жеткізу керек. Бітеуішті жаққаннан кейін бірден тегістеу керек, содан кейін кепкеннен кейін жеке жерлерді ажарлау керек.

Назар аударыңыз

Ерітіндіні қолданар алдында құрғақ, астарланбаған бетті алдын ала ылғалдандыру ұсынылады. Көрсетілген уақыт сипаттамалары қоршаған ортаның температурасы 20 ± 2 °С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы $60 \pm 10\%$ болғанда жарамды және басқа температура мен температуралық-ылғалдылық жағдайында өзгеруі мүмкін. Жұмыс барысында ерітінді қоспасын мезгіл-мезгіл араластыру керек және сумен қосымша сұйылтуға тыйым салынады. Жағылған бітеуішті бояу немесе бетін жабыстырмас бұрын PLITONIT Primer 1 астарымен өңдеу керек.

Сақтық шаралары

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша 4 қауіптілік класына (қауіптілігі төмен заттар) жатады. Жұмысты орындау кезінде қолғапты, қорғаныс көзілдірігін және тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын пайдаланыңыз. Қоспаны теріге және көзге тигізбеңіз. Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сумен шайыңыз. БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ.

Тасымалдау және сақтау шарттары

Қоспаны жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдау керек. Құрғақ қоспасы бар қаптарды қаптаманың сақталуын және ылғалдан қорғауды қамтамасыз ететін жабық, құрғақ бөлмелерде сақтау керек. Өндірушінің ыдысында сақтау мерзімі – өндіру күнінен 12 ай.

Құрамы

Портландцемент, минералды толтырғыш, түрлендіруші қосымшалар.

Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушы тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын сақтаған жағдайда қоспаның ГОСТ 31357-2007 талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ 8.579-2001 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі ($A_{eff} < 370$ Бк/кг; SanPin 2.6.1.25.23-09 «Радиациялық қауіпсіздік нормалары» бойынша материалдар класы I (NRB 99/2009)».

Техникалық сипаттамалар

Түс	ақ
Толтырғыш фракциясы	0,2 мм
Қалыңдығы 1 мм болатын қабат үшін материал шығыны	1,1-1,2 кг/м ²
Су мөлшері	
• қоспаның 1 кг-ына	0,34-0,38 л
• қоспаның 20 кг-ына	6,8-7,6 л

Ерітінді қоспасының жұмысқа қабілеті	20 мин-тан аз емес
Бітеуіш жабынының ГОСТ 19007-73 бойынша 3-інші дәрежеге дейін кебу уақыты	6 сағатқа дейін
3 тәулік жастағы негізбен жабысу беріктігі	0,2 МПа-дан кем емес
Суға төзімділік	суға төзімді
Аязға төзімділігі бойынша ертіндінің маркасы	F75-тен кем емес
Рұқсат етілетін пайдалану температурасы	-20°С-тан +70°С-қа дейін
Табиғи радионуклидтердің үлестік нәтижелі белсеңділігі	370 Бк/кг-нан артық емес

Логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013040144

Палеттегі қаптар саны – 48 д.